

Аңдатпа

Бұл диссертациялық жұмыста қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесінің өзектілігі, сондай-ақ қалдықтарды басқарудың қолданыстағы жүйесінің негізгі кемшіліктері көрсетілген. Бұдан басқа, Алматы қаласы жағдайында қалдықтармен жұмыс істеудің экологиялық қауіпсіз процесін құру мақсатында қалдықтармен жұмыс істеу процестеріне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндігі қаралды. Сондай-ақ, жұмыста қалдықтарды бөлек жинауды енгізу мен қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылатын қалдықтар көлемінің төмендеуі арасындағы тәуелділік көрсетілген.